

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2024
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

«БЕКІТЕМІН»
Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасы
_____ А.Жудебаев
(2025 жылғы « » ____ №
Ғылыми кеңес хаттамасы)

6B02115 «АНИМАЦИЯ РЕЖИССУРАСЫ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ТАЛАПкерлеріне қойылатын
ТАЛАПТАР

Алматы, 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2024
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

Құрастырушы:

Абельдинов А.К.– «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының оқытушысы;

Адилова С.М - «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының оқытушысы;

«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды

2025 жылғы « » ____ № хаттама

«Экрандық өнер режиссурасы»

кафедрасының меңгерушісі _____ Попов В.И

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі мақұлдады

2025 жылғы « » ____ № хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі

Академиялық кеңес төрайымы _____ Лаврик Н.А.

Келісілді:

«Кино және ТВ» факультетінің деканы _____ Бакеева М. К.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2024
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

«АНИМАЦИЯ РЕЖИССУРАСЫ» 6B02115 БББ

1. Талапкерлерге қойылатын талаптар

Талапкер бастапқы көркемдік білімі болуымен қатар анимация, композиция, монтаж және кинематограф пен анимация өнерінің басқа да аспектілері бойынша біліктілігін көрсетуі қажет. Сондай ақ, талапкердің компьютерлік құралдары меңгеруі және анимациялық фильмдер өндірісінде қолданылатын компьютерлік бағдарламалармен таныс болуы маңызды. Мемлекеттік және шет тілдерді білу. Қарым-қатынастық қабілеттері, кәсіби ұжымда жұмыс жасау, өзекті идеяларды ұсына білу, сондай ақ, проекттер мен топтарды басқара білу, мерзімдер мен жұмыс ерекшеліктерін сақтай отыра жұмысты жоспарлай білу. Талапкер креативті, абстрактты ойлаумен қатар, режиссерлік қабілеттерін көрсете білуі керек. Тарих, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка және өнердің басқа да түрлері бойынша біліктілігін көрсетуі қажет.

1. Мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтихандарының мақсаты – «Анимация режиссурасы» білім беру бағдарламасына үміткерлердің шығармашылық және кәсіби дайындығын анықтау. Қабылдау емтихандары талапкердің білімі мен шығармашылық ой-қиялын жалпы білімдік және интеллектуалдық деңгейін, монтаждық ойлау бейнесін, материалды ұсынудағы айқындылықты және оның шығармашылық әлеуетін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Қабылдау емтихандарының міндеттері:

- кинематография, әдебиет, бейнелеу өнері саласындағы жан-жақты білімді бағалау;
- ұлттық кодтың болуы;
- автордың шығарманы ұсыну формасы мен тәсілінің өзіндік ерекшелігін бағалау;
- сөздік қоры мен шығармашылық ой-қиялын байытуды бағалау;
- бейнелі және логикалық ойлау қабілетінің болуын анықтау;
- ойдың өзіндік және өзіндік ерекшелігі;
- жалпы мәдени деңгейдің көріністері;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2024
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

- қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу.

Шығармашылық емтихандар:

1. Фольклорлық шығармаларды режиссерлық кадрларға талдау (6 сағат.)

Қазақ фольклорынан алынып ұсынылған тақырыпқа 12-16 суреттен тұратын раскадровка жасау. Талапкер кинокадрдың композициясы, ерекше көркемдік шешім, оқиғаның қарқынды дамуы, кейіпкерлердің актерлік іс-әрекеті мен түр-сипатын бейнелеуде сауаттылығын көрсетуі керек.

Талапкердің әдеби-көркемдік қиялы тексеріледі: болашақ кинокадр мен эпизодтардың композициялық құрылымын өзгеше әдістермен жасап шығуы, әрі оның әдеби сценарийге режиссерлік талдау жасай білуі. Талапкердің жалпы біліктілігінің ауқымы әрі интеллектуалды деңгейі анықталады. Қазақ мәдениетінің тарихы, әдебиет, театр, кино, теледидар тарихын білуі және таңдаған мамандығын толық меңгеруге деген құштарлығы тексеріледі. Ватман – А2 форматы, еркін графикалық техника.

2. КОЛЛОКВИУМ. (Билеттер бойынша ауызша емтихан).

Талаптар:

Талапкердің жан-жақты біліктілігі мен интеллектуалды деңгейі және аудиовизуалды салалар (анимация, кино, теледидар) жайында жалпы түсінігі мен білімі, сондай ақ, шығармашылық әлеуеті мен ерекше ойлау, интерпретация мен анализ жасау, сыни ойлау, қарым-қатынас құру және топпен жұмыс жасау қабілеттері бағаланады.

Талапкердің болашақ мамандығы туралы кең түсінігі болуы; көркемсурет, қазақ және шетел әдебиет, музыка тарихтарын терең білу керек. Болашақ көркемдік туындысының түбегейлі ойының өзектілігін әрі маңыздылығын жеткізе білу; шығармашылық емтихан барысында әзірлеген көркемдік жобасының жасалуын логикалық әдістерге сүйене отырып түсіндіру.